

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***3. Е. Қуандық**

Торайгыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МӘШҲҮР ЖҮСІП МҰРАСЫН САҚТАУШЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымында ақын, ғұлама, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының алар орны ерекше. Ұзақ жылдар бойы ақынға «дінішіл», «ұлтшыл» атты негізсіз айыптаулар тағылып, ақын шығармаларын зерттеп, зерделеуге тиым салынды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, ақын мұрасы халықпен қайта қауышты. Мақалада, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мол мұрасын, қолжазбаларын осы күнге дейін жетуіне, сақталуына мол үлесін қосқан ұстаз, Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының ғұмыры мен атқарған еңбегі туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзі тірі кезінде ақынның өз мектебі қалыптаса бастады. Осы мектептің көрнекті өкілі Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының «Мәшһүртану» ғылымына қосқан үлесін көрсету.

Кілтті сөздер: мұра, қолжазба, Мәшһүр Жүсіп, Мұхаммед Фазыл ақын.

Кіріспе

Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір сүрген кезеңі – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алдыңғы отыз жылы. Бұл дәуір қоғамдық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан қандай қайшылықты болса, ақынның шығармашылық кезеңі де соншалықты күрделі болды. Қазақ ақындарының ішінде Мәшһүр-Жүсіп артында мол, ең көлемді мұра қалдырған тұлға болып саналады. Халқымыздың әдебиеті, тарихы, басқа да ғылым салаларына қатысты отыз томнан аса құнды дүниелер қалдырғаны белгілі. Өмір бойы көз майын тауысып, түптің түбінде ұлтымның керегіне жарар деген арманмен жинаған құндылықтар қазір толық болмаса да қолымызға аман-есен жетті. Өз туындыларынан бөлек халқымыздың небір жауһар дүниелерін жинақтап, кейінгі ұрпақ тәлім-тәрбие алсын деген мақсатпен іріктеген асыл мұрасының өзі бір төбе. Осыншама бай құндылықтарды зерделеу, зерттеу, саралау, жинақтау, жүйелеу жұмыстары қазіргі заман ғалымдарының еншісіне бұйырып тұр. Ақын өз еңбектерінің көлемі жайлы «Менің жазғандарымды оқу үшін Нұх пайғамбардың жасы керек» деп жазып қалдырған болатын.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын зерттеуші ғалым Е. Қ. Жүсіповтің мына пікірі көңіл аудартарлық: «Ақын (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы) Бұхарада, Қоқан, Самарқанд, Ташкентке барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, соған түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Жоғарыда аталған қалалардың барлығында ірі қолжазбалар қоры бар кітапханалар болды. Сол бай кітапханалардағы қолжазбалар ежелгі араб тілінде, парсының «пехлеуи» тілінде, түркінің «шағатай» тілінде сақталды. Мәшһүр Жүсіп осы тілдерді жетік меңгеруі арқылы осы қолжазбалармен кең танысты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы орта ғасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды» [1, 14].

Материалдар және әдістер

Мақалада сараптау мен пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалдарының алар орны ерекше. Ақынның мұрасын жинақтау мен насихаттау жұмыстарына араласып, осы күнге дейін жетуіне және сақталуына ерекше із қалдырған тұлғалардың еңбегін зерделеу қажет.

Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы кезінде Ресей империясы тұсында қысымға ұшырап, өзінің жеке басына қатысты қылмыстық іс қозғалғаны мәлім. Сол тұста 1907 жылы Қазан шаһарында жарық көрген үш кітабы кәмпескеге түсіп, жеке өзіне бүкіл ресейлік іздеу салынды. Кеңес үкіметі Ресей империясынан да сорақы әрекеттерге барды. Үкімет ақынның бейітін бұзып, зиярат етуші адамдарға қысым көрсетті. Одан бөлек Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындылары әр түрлі жағдайларға байланысты ұзақ жылдар бойы айтылмай, зерттелмей келді. Осындай қиыншылықтарға қарамастан Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинақтау мен насихаттау жұмыстарына араласып, осы күнге дейін жетуіне және сақталуына өлшеусіз еңбек қалдырған асыл азаматтар қатарына Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлы Жолмұрат Жүсіпұлы, Мұхаммед Шәрәпи Жүсіпұлы, Мұхаммед Әмен Жүсіпұлы, Иманғали Маненұлы, Төлеберген Алдабергенұлы, Әшім Қарақызұлы, Қаукен Исабайұлы, Жұқаш Кәрібаев, Рақымжан Мәкішев, Жұматай Әкбарұлы, Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы, Омар Иманбаев, Қабыкен Машырапов т.б. жатқызамыз.

Мақалада ақын мұрасының сақталуына барынша еңбек еткен Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының атқарған еңбегі жайында сөз қозғалады. Мұхаммед Фазыл (1890–1969) – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кеңже ұлы, Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Жанажол елді мекенінде (қазіргі, Мәшһүр Жүсіп ауылы) ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған. Мұғалімдік еңбек өтілі отыз жылға толғанда, Ленин орденімен марапатталған.

«Мұхаммедфазыл еңбегінің бір саласы ұстаздық болса, екінші саласы –әкесінің, Мәшһүр Жүсіптің, ұлан-ғайыр еңбегін сақтаумен, көшірумен өмір бойы айналысқаны. Мұхаммедфазыл мұрасының үшінші қыры: кезінде 20–30 жылдары баспасөз беттеріндегі жер-жердегі мәдени шаралар, халықты ағарту, т.с.с. жөнінде республикалық, облыстық газетте жарияланған макалалары» [2, 72].

Мұхаммед Фазыл 1924 жылы Аккелін, Далба-Қарақозы елінде мұғалім болып істеп жүрген кезінде, Мағзұмның қызы Ұмсынтайға үйленеді. 1935 жылы Ұмсынтай мен төрт баласы науқастанып, қайтыс болады. Бұл туралы Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының «Бикенге» деп аталатын өлеңінде былай дейді:

«Бір үйде алты жаннан –жалғыз басым,
Бойыма таралмайды ішкен асым!» [2, 73].

Мұхаммедфазыл 1938 жылы екінші рет, руы Айдабол ішінде –Құдияр, Тәшқызы Нұрилага үйленген [2, 71]. Осы некеден бес бала дүниеге келді. Заманында Нұрила Тәшқызы үкімет пәрменімен, кеңес одағының қитұрқы саясатымен жасалған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі тірі күнінде тұрғызған бейітін бұзуға қарсы шықты. Ұзақ жылдар бойы Ескелдідегі ақын кесенесінің шырақшысы болды. 1976 жылы ақын кесенесін қайта жаңғыртып тұрғызуға бар күш-жігерін жұмсап, ер азаматқа тән мінез көрсеткен жан.

1930–1932 жылдардағы аштық, жоқшылық заманында Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы өз ауылындағы аш адамдарға көп қол ұшын берген адам. Ауылдастарының естелігі бойынша ол кезде қарапайым мектеп мұғалімі, тақуа жан болғандықтан, аудан, указ басшылығы оған қамбаның кілтін қалтықсыз сеніп тапсырған. Сол сенімнің арқасында аш адамдарға үкімет көзіннен жасырын тұқымдық бидайын таратқан. Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлының өмірінің осы кезеңі туралы, оның үлкен ұлы Қуандық Мәшһүр Жүсіптің мынадай естелігі бар: «Жұрт көзінше аштарға көмек берсе, үкімет астығын талан-таржыға салды деп соттап жіберуі мүмкін еді. Сол себепті, «Сай-сайдың арасына от жағып, қазанды қайнатып тосып отырындар» – дейді екен де, қайнап жатқан суға бидай сеуіп кетеді екен. Және әрбір қаптан шақтап-шақтап береді...».

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз қолжазбаларын ескі (хадим) жазуымен жазып қалдырғаны белгілі. Хадим жазудың Ахмет Байтұрсынұлы енгізген төте жазудан біраз айырмашылығы бар. Төте жазу белгілі бір талап пен ережеге сәйкес жасалған болатын, ал хадим жазудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер каллиграфияның заңдылықтарына бағынбайды. Сондықтан, ақын қолжазбасын оқуда көп кедергілер туындайды. Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы жастайынан әкесінің қолжазбаларын оқып, таныс болғандықтан, ол кісіге әкесінің мұрасын қайта көшіру аса бір қиындық туғызбаған сияқты. Тағы да бір айтатын жәйт, Мұхаммед Фазыл әкесінің қолжазбаларының жазылу ретін сақтауға тырысқан.

Қазіргі күнде хадим жазуынан кириллицаға аударылған мәтіндердің дені Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы жазбалары деп айтуға болады. Мұхаммед Фазыл көшірмелері Мәшһүр Жүсіптің өз жазбаларындағы өшіп қалған, сиясы көмескі тартқан тұстарын оқуда, салыстыруда Мәшһүр Жүсіп мұрасын хадим жазуынан кириллицаға аударушыларға көп септігін тигізді. Қолжазбаларды сақтау барысында бүлінген, жыртылған, қолды болған тұстарын қалпына келтіру жұмыстарына Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлының жазбаларын Мәшһүртанушы ғалымдар жан-жақты пайдаланып отыр.

Нәтижелер және талдаулар

«1951–1952 жылдары Мәшһүр Жүсіп мұрасын мансұқтау белең алған кезде оның салқыны ақынның кенже ұлы Мұхаммедфазылға қалай әсер еткені туралы ф.ғ.д. Уәлихан Қалижан еңбегінен көруге болады: «Осы орайда «Социалистік Қазақстан» (10.12.52) газетіне Мәшһүр Жүсіптің ұлтшыл буржуазиялық және діншілдік «көзқарасын әшкерелейтін» мақала жарияланып, оған мынандай қаулы қабылданғаны белгілі: «О статье, опубликованный в газете «Социалистик Казахстан», под названием «Копеев – националистический религиозный поэт». (т.т. Храмов, Сужиков, Шаяхметов).

ЦК КП Казахстана постановляет:

1 В связи с тем, что литературное творчество Машхура Жусупа Копеева проникнуто духом буржуазного национализма и религиозного мистицизма и что оно не подвергнуто до сих пор серьезной критике, поручить президенту Академии наук Казахской ССР т. Кунаеву силами научных работников Академии наук подготовить и опубликовать в республиканской печати материалы разоблачающие реакционное направление литературной деятельности Жусупа Копеева.

2 Обязать Павлодарский обком партии усилить естественно-научную, антирелигиозную пропаганду, широко разъяснить местному населению, что взгляды Жусупа Копеева в литературе были реакционными, религиозными, а могила Копеева используется его сыном Фазылом Жусуповым и местными муллами для распространения религиозного дурмана.

3 Принять к сведению сообщение Павлодарского обкома партии, что Фазыл Жусупов освобожден от работы учителя» [2, 71].

Осы қаулы арқылы ақын кесенесін талқандап, оның шығармашылығына теріс бағалау науқаны басталды. Өкінішке орай бұл науқанға сол кездегі қазақ ғалымдары біраз үлес қосты. Бәріне уақыт төреші дегендей бүгінгі күні оның бәрі тарих еншісіне жазылып қалды.

Қанша қысым көрсе де әкесінің мол мұрасын жинақтап, сақтау мәселесін әрдайым жадында берік ұстаған Мұхаммед Фазыл өз ісін жалғастыра берді. Ол заманда мұндай батылдық өте сирек кездесетін құбылыс. Өз өмірін қауіпке тіге отырып, Мәшһүр Жүсіптің, ұлан-ғайыр еңбегін сақтаумен,

көшірумен айналысқаны Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіптің ерен еңбегін, көзсіз батырлығын паш етеді.

Қорытынды

Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлының осы қолжазбаларды көшіріп жазуға көп уақыты мен көз жанары кеткендігін ескерсек, қазақ тарихы мен әдебиеті ғылымына қосқан үлесі өлшеусіз зор деп нақты айта аламыз. Мұхаммед Фазылдың Мәшһүр Жүсіп мұрасын сақтаудағы қажырлы еңбегіне қазақ әдебиеті тарихында лайықты бағасын беруіміз керек.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Жүсіпов, Е. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты : Монография. – Алматы : Алаш, 2005. – 184 б.
- 2 **Мәшһүр Жүсіп, Қ. П.** Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы // Қазақстан мектебі. – 2004 – № 4. –73 б.
- 3 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы : Алаш, 2003. – 432 б.
- 4 **Қалижанұлы, У.** Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы : Білім, 1998. – 256 б.
- 5 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. III том. – Алматы : Алаш, 2004. – 376 б.
- 6 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : Алаш, 2003. – 504 б.
- 7 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. IV том. – Алматы : Алаш, 2005. – 336 б.
- 8 **Жүсіпова, Г. Қ.** Мәшһүртану белестері. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 303 б.
- 9 **Кенжебаев, Б.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1973. – 166 б.
- 10 **Мәшһүр Жүсіп, Қ.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. – Павлодар : ЭКО, 1999. – 384 б.

References

- 1 **Zhusupov, E. K.** Mashhur Zhusup jane sygys ruhaniaty: Monografia. [Mashhur Zhusup and Eastern spirituality : Monograph]. – Almaty : Alash, 2005. – 184 p.
- 2 **Mashhur, Zhusup Q. P.** Muhammed Fazyl Mashhur Zhusupuly. [Muhammed Fazyl Mashhur Zhusupuly // School of Kazakhsta. № 4.]. – Almaty, 2004. – 73 p.

3 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. II tom. [Collection of works in 20 volumes. Volume II.]. – Almaty : Alash, 2003. – 432 p.

4 **Kalizhanuly, U.** Qazaq әдебиетіндегі dini-aǵartuшыlyq aǵym. [Religious and educational trend in Kazakh literature.]. – Almaty : Education, 1998. – 256 p.

5 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. III tom. [Collection of works in 20 volumes. Volume III.]. – Almaty : Alash, 2004. – 376 p.

6 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. I tom. [Collection of works in 20 volumes. Volume I.]. – Almaty : Alash, 2003. – 504 p.

7 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomдық shyǵarmalar jınaǵy. IV tom. [Collection of works in 20 volumes. Volume IV.]. – Almaty : Alash, 2005. – 336 p.

8 **Zhusupova, G. K.** Mäshürtanu belesteri. [Mashkhar studies.]. – Pavlodar: ECO, 2003. – 303 p.

9 **Kenzhebayev, B.** Qazaq әдебиеті тарихының мәселелери. [Problems of the history of Kazakh literature.]. – Almaty : Nauka, 1973. – 166 p.

10 **Mashkhar Zhusip, K.** Qazaq lirikasyndaǵy stil jäne beinelilik. Monograph. [Style and Images in Kazakh literature. Monograph]. – Pavlodar : ECO, 1999. – 384 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

З. Е. Қуандық

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ХРАНИТЕЛЬ НАСЛЕДИЯ МАШХУРА ЖУСУПА

В казахском литературоведении особое место занимает наследие поэта, ученого, Маишхур Жусупа Копейұлы. На протяжении многих лет, поэту предъявлялись необоснованные обвинения в «религиозности», «национализме», запрещалось изучать произведения поэта. Только после обретения независимости наследие поэта воссоединилось с народом. В статье рассказывается о жизни и заслугах младшего сына Маишхура Жусупа, учителя, Мухаммеда Фазыла Жусупұлы, внесшего большой вклад в сохранение и собирание его рукописей, богатого наследия Маишхура Жусупа. При жизни Маишхура Жусупа Копейұлы у поэта начала формироваться своя школа. Показать вклад в науку «Маишхуроведение» видного представителя этой школы Мухаммеда Фазыла Жусупұлы.

Ключевые слова: наследие, рукопись, Маишхура Жусуп, Мухаммеда Фазыл, поэт.

Z. E. Kuandyk
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 21.05.21.

KEEPER OF THE HERITAGE OF MASHHUR ZHUSUP

The legacy of the poet, scientist, Mashhur Zhusup Kopeyuly occupies a special place in Kazakh literary studies. For many years, the poet was presented with unfounded accusations of «religiosity», «nationalism», it was forbidden to study the works of the poet. Only after independence, the poet's legacy was reunited with the people. The article tells about the life and merits of the younger son of Mashhur Zhusup, a teacher; Muhammad Fazyl Zhusupuly, who made a great contribution to the preservation and collection of his manuscripts, the rich heritage of Mashhur Zhusup. During the life of Mashhur Zhusup Kopeyuly, the poet began to form his own school. To show the contribution to the science of «Mashkhurovedenie» of a prominent representative of this school, Muhammad Fazyl Zhusupuly.

Keywords: legacy, manuscript, Mashhur Zhusup, Muhammad Fazyl, poet

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz